# Инвестициялық портфелді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруындағы Зейнетақы жинақтары

2021 жылғы 1 қазан жағдайындағы Инвестициялық портфелді басқарушылардың Зейнетақы активтерін қалай және қайда инвестициялағаны туралы таныстырма

# ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

Қазақстан Республикасының Президенті

ҚР Үкіметі акционер

- Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру
- ЗА есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту
- - жарналар аудару бойынша
  - төлемдер жасау бойынша
  - МЗЖ, МКЗЖ сақтауға қатысты мемлекет кепілдігін орындау бойынша НҚА бекіту
- БЖЗҚ Зейнетақы қағидасын бекіту (салымшылармен БЖЗҚ қарым-қатынасының тәртібі)
- МКЗЖ пайдасына аударылатын кәсіптер тізбесін бекіту

ҰҚБК

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін орналастыру рұқсат етілген құралдар тізбесі бойынша ұсыныстар әзірлеу және аталған тізбені мақұлдау
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы жыл сайынғы есепті қарау

ҚРҰБ/ИПБ

- Зейнетақы активтерін басқару (ҚРҰБ/ИПБ)
- Кастодиандық қызметті жүзеге асыру
- Инвестициялық декларацияны бекіту
- Қаржылық бақылау және қадағалау

БЖЗҚ

**САЛЫМШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР**

- Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша салымшыларға кеңес беру
- Салымшыларға МЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ есебінен ЖЗШ ашу
- Зейнетақы төлемдерін жасау және сақтандыру ұйымдарына аудару
- Салымшылар ЖЗШ-ынан ақпарат беру
- Зейнетақы активтері мен міндеттемелерін есепке алу
- Салымшылардың ЖЗШ-ына инвестициялық табысты есептеу

# ИПБ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ



## БЖЗҚ ЗА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ МАҚСАТТАРЫ:

- салымшылардың зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және инвестициялық табыс алу




## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК:

- БЖЗҚ ЗА инвестициялау салымшылардың мүддесі үшін жүзеге асырылады



## ТӘУЕКЕЛДІ АЗАЙТУ (ӘРТАРАПТАНДЫРУ):

- қаржы құралдарының әртүрлі түрлерін оңтайлы үйлестіру есебінен ұзақ мерзімді перспективада нақты кірістілікті алу (тәуекел-кірістілік арақатынасын қамтамасыз ету жолымен)

# ТӘУЕКЛДІ АЗАЙТУ (ӘРТАРАПТАНДЫРУ)



**Портфель тәуекелге бейім:**

➢ зейнетақы активтерін қаржы құралдарының бір түріне жоғары шоғырландыру есебінен (секторлар, валюталар, елдер ж т.б.).



**Портфельдің тәуекелдерін азайту:**

➢ қаржы құралдарының әртүрлі түрлерін (секторлар, валюталар, елдер және т. б.) оңтайлы үйлестіру есебінен зейнетақы активтерінің сақталуы қамтамасыз етіледі.

# ИПБ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ







- 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Инвестициялық портфелді басқарушылардың сенімгерлік басқаруындағы Зейнетақы активтері **5,54** млрд теңгені құрады;
- Қаржы құралдары бойынша инвестициялауда зейнетақы активтерінің негізінен басым бөлігі ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, Ұлттық банктің ноталары және шетел эмитенттерінің үлесті қаржы құралдарына (акциялары, депозитарлық қолхаттары, ETF пайлары) шоғырландырылған.

# ИПБ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




- Зейнетақы активтері нарықтың шарттарына сәйкес Қазақстандық және шет елдік әр түрлі қаржы құралдарына инвестицияланады;
- Зейнетақы активтерін қаржы құралдары бойынша инвестициялауда ИПБ (инвестициялық портфелді басқарушы) компанияларының әртараптану қағидасын қолданатынын байқауға болады.

# ИПБ БОЙЫНША ВАЛЮТАЛАР БӨЛІГІНДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ







- 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ИПБ компанияларына сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтары теңгеге 64,8% және АҚШ долларына 35,2% салынған;
- Зейнетақы активтерін валюта бойынша инвестициялауда Сентрас Секьюритиз-ден басқа барлық компаниялар Ұлттық валюта мен АҚШ долларына иек артқан.

# ИПБ КРЕДИТТІК САПА БОЙЫНША ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ







- Халықаралық шәкіл бойынша «ААА»-дан «ВВВ-» дейінгі бағалы қағаздар/эмитент рейтингісі бар барынша төмен тәуекел деңгейдегі қаржы құралдары инвестициялық портфельдің* 53,23%-ын құрайды;
- Халықаралық шәкіл бойынша «ВВ+»-дан «В-» дейінгі рейтингісі бар қаржы құралдары 8,07%-ды құрайды;
- Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдары 38,7%-ды құрайды. Бұл ретте активтердің басым бөлігін шетел эмитенттерінің үлесті қаржы құралдары (акциялары, депозитарлық қолхаттары, ETF пайлары) құрайтынын ескерген жөн.

* -шоттардағы қалдық, жолдағы ақша және басқаларды қоспағанда, инвестициялық портфельдегі активтер.

# ИПБ ЭКОНОМИКА СЕКТОРЫ БОЙЫНША ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ







- 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ИПБ компанияларына сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарының басым бөлігі Егеменді міндеттемелер мен ХҚҰ секторына 41,60% және қаржы секторына 45,87% салынған;
- Сентрас Секьюритиз зейнетақы активтері инвестициялық портфелінің 85,69% Егеменді міндеттемелер мен ХҚҰ секторына орналастырған.

* -дебиторлық берешек, шоттардағы ақша қаражатының қалдығы және туынды қаржы құралдары.

# ИПБ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТЕР БӨЛІГІНДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ







- 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ИПБ компанияларына сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы жинақтарының басым бөлігі АҚШ мемлекетінің қаржы құралдарына орналастырылған;
- Сентрас Секьюритиз зейнетақы активтері инвестициялық портфелі толық Қазақстан елінде шоғырланған.

# ИПБ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ







- 2021 жылы (наурыз-сәуір айлары) зейнетақы жинақтары ИПБ компанияларына сенімгерлік басқаруға берілген сәттен бастап 2021 жылдың 1 қазанға дейінгі кезең үшін инвестициялық табыстың жалпы сомасы **155,9 млн теңгені** құрады;
- Кезеңдегі инвестициялық табыстың басым бөлігін 86,4% бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер құрады;
- Зейнетақы активтерінің кірістілігі зейнетақы жинақтарын Инвестициялық портфелді басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға берген сәттен бастап (сәуір 2021ж.) көрсетілген. Валюта бағамы мен қаржы құралдарының нарық бағасының құбылмалы екенін ескерсек, зейнетақы активтерінің табыстылығы өсуі де кемуі де мүмкін екені байқалады.

# Зейнетақы жинақтары Инвестициялық портфелді басқарушы компанияларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруы, қаржы құралдарына орналастыруы және табыс нәтижелері туралы ақпарат БЖЗҚ-ның ресми сайтында жарияланады



# НАЗАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

Сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз